Президент уәкілеттігін 7 жылға ұзарту мәселесі айтылды. Президентіміз аласапыран уақытта сақтыққа бара жатыр деп ойлаймыз. Жан-жақтан қауіп бар екенін де жасырмаймыз. Сондықтан осы қауіпті сейілту үшін кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы шешім қабылдады. Жаңа Қазақстан құру мақсатында да бұл қажет дүние болды.

Ұлт мүддесі мен жарқын болашаққа нық қадам басу жолында еліміздің әрбір азаматы «жұмылған жудырықтай» берік ынтымақтастықта биік белестерді бірлесіп атқаруды ұмытпағанымыз абзал. Жаңа Қазақстанның жаңаруы мен жаңғыру жолында жасалынып жатқан жүйелі реформалар ел өркендеуінің берік негізі болады деп үміт артамыз.

КЛЮЧЕВЫЕ ИДЕИ НОВОГО ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА НАРОДУ НЕСУТ В СЕБЕ НОВЫЙ ОБРАЗ КАЗАХСТАНА

К. ОМАРОВ,
председатель Общественного совета города Сарани

Послание Президента «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» продолжает оставаться в фокусе внимания нашего народа.

Кульминационной новостью стало объявление Касым-Жомартом Токаевым внеочередных президентских выборов. Заявление о том, что он готов сложить полномочия раньше срока, безусловно, подтверждает его приверженность сохранению устоев казахской государственности.

Что касается Казахстана, то однократный семилетний срок президентства будет способствовать процессу демократизации общества, станет правовой преградой для возможной узурпации власти.

Кроме того, такой срок не просто увеличит время пребывания на посту Президента РК, но и позволит вновь избранному Главе государства в полной мере реализовать в том числе и намеченные долгосрочные стратегические задачи в политической и социально-экономических сферах общественной жизни. В своем Послании от 1 сентября Глава государства отметил, что на первом месте должен находиться

Человек и повышение уровня его благосостояния – главная цель всех проводимых реформ.

Необходимость справедливого распределения национального дохода выступает стержневым положением нынешнего Послания.

Отметив, что знания учеников – это сила государства, Президент подчеркнул, что главным достоянием страны являются не природные ресурсы (нефть, газ, золото, уран и т.д.), а интеллектуальный потенциал страны. Поэтому революционным, прогрессивным и давно ожидаемым народом стало решение отчислять 50% от ежегодного инвестиционного дохода Национального фонда на накопительные счета казахстанских детей до достижения ими 18-летнего возраста.

В Послании были затронуты и другие вопросы, думаю, что все эти изменения в конечном итоге будут только способствовать ускоренному строительству Нового Казахстана.

■ ҚОҒАМ

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретті түсірген автор

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ 23 ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ САРАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АРМАН БАҚТЫБАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЛАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.



Комиссия мүшелері күн тәртібінде екі мәселені қаралды. Біріншісінде білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша білім беру ұйымдарының жұмысы туралы және «Тәуекел тобындағы» балаларды сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамту мәселелері қарастырылса, екіншісінде жастар мен кәмелетке толмағандарды уақытша маусымдық жұмысқа орналастыру бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы қалалық Жастар ресурстық орталығының есесі тыңдалды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша қатысушыларға №17 мектеп-гимназиясы директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Татьяна Ермолаева баяндады.

Татьяна Геннадьевнаның мәлімдеуінше № 17 мектеп-гимназиясында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және «Тәуекел тобындағы» балаларды сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамту бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде.

Мәселен, аталған білім ошағында

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша, нәлдік төзімділік бойынша, құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары, сонымен қатар Саран қаласының ПБ-мен бірлескен жұмыс жоспары әзірленген екен.

Ал сол мектептегі білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі барлық жұмысты құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес үйлестірісе керек-ті.

Татьяна Геннадьевнаның айтуынша, кестеге сәйкес айына бір рет Кеңес отырысы өтеді, онда хаттамалар толтырылып, білім алушылардың мінез-құлқы, үлгерім мәселелері, білім алушылардың тәртіптік және басқа да үлгерім бұзушылықтарының алдын алу, ата-аналармен әңгімелесу талқыланады екен.

Ал «Тәуекел тобындағы» балаларды сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамту мәселелеріне тоқталып өткен Татьяна Геннадьевна: «Есепке алудың барлық

түрлерінде тұратын әрбір балаға қоғамдық тәрбиеші бекітілген. Балалармен және олардың отбасыларымен жеке жұмыс жоспарлары әзірленді, жеке есепке алу карталары, бақылау күнделіктері енгізілді, сабаққа күнделікті бақылау жүзеге асырылады. Ата-аналарды ағымдағы және қорытынды үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы уақтылы хабарлар етеміз. Демалыс уақытында қоғамдық тәрбиеші білім алушылардың жұмыспен қамтылуын бақылайды және оларға тұрғылықты жері бойынша барады», - деп мәлімдеді комиссия мүшелеріне.

Бұдан бөлек, оның айтуынша 2022-2022 оқу жылы ішінде мектепте «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» акциясын, «Есірткісіз көше», «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар» іс-шараларын өткізу жоспарланса керек. Аталған іс-шаралар шеңберінде Саран қ. ПБ және Денсаулық сақтау өкілдерімен бірлесіп профилактикалық дәрістер өткізу жоспарланған екен.

Сонымен қатар, «Тәуекел тобының» білім алушылары сабақтан тыс уақытта аталған мектеп-гимназияның жанында ұйымдастырылған футбол, волейбол спорт секцияларына қатысатындарын мәлімдеді №17 мектеп-гимназиясы директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Татьяна Ермолаева.

Ал екінші мәселе бойынша Саран қаласы жастар ресурстық орталығы директорының м.а. Гүлзият Ханафина баяндады.

Гүлзият Келдібекқызының айтуына қарағанда, «JASYL EL» бағдарламасы Саран қаласында 2016 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаны іске асыру кезінде 14-тен 29 жасқа дейінгі жастар арасынан 223 адам жұмысқа орналастырылған екен.

«2022 жылдың басынан бастап «JASYL EL» бағдарламасын түсіндіру мақсатында Жастар ресурстық орталығының инспекторлары кездесулер, сондай-ақ Instagram және Тик ток әлемжелілеріндегі «Саран жастары» парақшасында жарнамалық бейнероликтер өткізілді. 2022 жылы «JASYL EL» бағдарламасын іске асыруда «Сәуір-11» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат

пайдалануды реттеу басқармасының «Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылық» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сынды 2 жұмыс беруші серіктес болды. Олар Саран қаласы мен Ақтас кентінің жастарына жұмыс орындарын ұсынды», - деді өз баяндамасында Гүлзият Келдібекқызы.

Сонымен қатар ол, биыл алғаш рет 14 пен 15 жастағы 17 бала мемлекеттік қаражат есебінен жұмысқа орналастырылғанын да тілге тиек етте кетті.

Саран қаласы жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушының сөзіне сүйенетін болсақ, жастарды уақытша маусымдық жұмысқа орналастыру мақсатында «JASYL EL» қалалық штабына жүгінген 130 адамның ішінен 50-і жұмысқа орналастырылған, оның ішінде 17 адам 14 пен 15 жас аралығындағылар болса, 33 адам 16 жасқа дейінгілер болса керек-ті.

«Әр маусым аяқталғаннан кейін жасыл ел жауынгерлер үшін көтермелеу мақсатында пейнтболға сапарлар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, 23 қыркүйекте «JASYL EL» жасақтарының еңбек маусымының жабылу салтанаты өтті. Еңбек маусымының қорытындысы бойынша үздік деп танылған жауынгерлер дипломдармен марапатталып, Бұрабайға сапарға жіберілетін болады», - деді Саран қаласы жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Гүлзият Ханафина.

Отырыс қорытындысы бойынша қалалық білім бөлімінің басшысы, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқығын қорғау жөніндегі қалалық комиссия төрағасының орынбасары Арман Болатұлы баяндамашыларға мектепшілік есепте тұрған оқушылардың ата-аналарымен алдын алу жұмыстарын жалғастыруды, отбасындағы әлеуметтік жағдайлар мен микроклиматты қадағалауды, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары арасындағы тәрбие-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды, сонымен қатар қала мектептері мен колледждерінде «Жасыл ел» жасақтарына жазғы уақыттарда жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпараттық кездесулер өткізуді тапсырды.

■ МӘДЕНИЕТ. ӨНЕР. СПОРТ.



«ӨНЕРІМ-ӨМІРІМ» БАЙҚАУЫНЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІН ИЕЛЕНДІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

ҚАРАҒАНДЫНЫҢ КЕНШІЛЕР МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНДА АҒА ҰРПАҚҚА АРНАЛҒАН «ӨНЕРІМ – ӨМІРІМ» АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУ ӨТТІ. ОҒАН ШЕТ, АҚТОҒАЙ, ҚАРҚАРАЛЫ, ОСАКАРОВ, АБАЙ АУДАНАРЫ МЕН ТЕМІРТАУ, АБАЙ, САРАН, ШАХТИНСК, БАЛҚАШ ЖӘНЕ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ 170-КЕ ЖУЫҚ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАСТЫ.



Іс-шараның басты мақсаты – облысымыздағы өнерлі ата-әжелерге рухани қолдау көрсетіп, ән салу, музыкалық аспапта ойнау сынды өнерлерін халыққа жеткізу. Қарияларымыздың өнердегі,

өмірдегі үлгі болар жолдарын жас ұрпаққа насихаттау. Ата-әжелерімізді байқауға қатыстыру арқылы көнеден келе жатқан ұлтымыздың мәдениет, өнер саласындағы жетістіктерін насихаттап, ұмыт болған колөнер бұйымдары мен әндерді қайта жандандыру.

Тартысты өткен байқауда қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені Ақтас кентіндегі «Ақ шаңырақ» этномәдени бірлестігінің жанынан құрылған «Ақ әжелер» хоры иеленді.

Қатысушылар үш номинация бойынша жарысты: «Хор ұжымдары мен ансамбльдері», «Жеке орындау» және «Музыкалық аспапта жеке орындау».

«Хор ұжымдары мен ансамбльдері» номинациясында бірінші орынды Қарағанды қаласының «Русские самоцветы» халықтық орыс әнінің хоры жеңіп алса, екінші орынды «Алая гвоздика» шығармашылық ұжымының

атынан Шахтинск қаласынан еңбек ардагерлері; үшінші орынды Қарқаралы ауданының «Айқаракөз» вокалдық тобы иеленді.



«Жеке орындау» номинациясында балқаштықтар үздік атанды. Бірінші орынды Таңат Іргебай, екінші орынды Алмагүл Сатенова, үшінші орынды Күләш Сәдуақасова иеленді.

«Музыкалық аспапта шығарманы жеке орындау» санатында Қанапия Қалкен (Қарағанды) үздік атанды, екінші орынды Әнет Сепбосынов (Қарағанды) және үшінші орынды Әлия Батырбекова (Шет ауданы) иеленді.

– Біз осымен төртінші жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан қарттарға арналған «Өнерім – өмірім» байқауына биыл ерекше дайындықпен келген едік. Нәтижесінде еңбегіміз ақталып, бас жүлдені алқаладық. Бұл байқау дәстүрге айналды. Оның негізгі мақсаты біздің аймақтың талантты ата-әжелерін рухани қолдау, олардың өнерін, соның ішінде ән мен колөнерді насихаттау, ұмытылған колөнер мен

әндерді жандандыру. Қарттарымыз кезінде әртүрлі салада еңбек еткен бүгінде зейнеткерлер. Соған қарамастан, өте жақсы деңгейде өнер көрсетіп шықты. Осындай қарттарымызға қолдау білдірген азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз, – деді бізбен тілдескен «Ақ әжелер» хорының мүшесі, Саран қаласының құрметті тұрғыны Рымтай Сейітқазина.

Жеңімпаздар дипломдар және ақшалай сыйлықтарға ие болды. Барлық қатысушыларға алғыс хаттар табысталды.

Иә, тартымды әрі жинақы өткен байқау өнер жасқа қарамайтынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Әл біз өз кезегімізде «Ақ әжелер» хорының ұжымын жеңістерінен құттықтап, толағай табыс тілейміз! Осындай ата – әжелеріміз көп болсын, келешек ұрпаққа берер үлгі өнегелері таусылмасын дегіміз келеді.



ОЙ МЕН ОЙЫН САЙЫСЫ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Суретті түсірген Камила ОСПАНОВА

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫ БАЯНДЫ БОЛАШАҚТЫҢ БАЙРАҒЫН КӨТЕРІП, ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕКТІҢ ЖЕЛКЕНІН КЕРІП КЕЛЕДІ. «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!» ДЕП ҮКІЛІ ҮМІТ, САЛҚАР СЕНІМ АРТҚАН МАҒЖАННЫҢ ЖАУҒАР ЖЫРЫНА АРҚАУ БОЛҒАН ЕЛЕРТЕҢІ ЖАСТАР ШАҒАРДАҒЫ ТЕҢБІЛ ДОП АЛАҒЫНДА БАС ҚОСТЫ. БІРАҚ АЯҚДОП ТЕУІП, ЖАРЫСУ ҮШІН ЕМЕС, СПОРТ ҒӘМ БІЛІММЕН САЙЫСУ ҮШІН ЖИНАЛЫПТЫ ЖАСТАР.

Жуырда Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің оқытушылары Седова Анастасия Викторовна мен Чернышева Анастасия Алексеевнаның ұйымдастыруымен «Сұңқар» стадионының футбол алаңында «Үлкен жарыс» атты дәстүрлі спорттық-лингвистикалық ойыны өтті.

Аталмыш шара үш тілде білім беру апталығы мен шет тілдері апталығы аясында колледждің 1 курс студенттері мен қала мектептерінің 9-10 сынып оқушыларының арасында ұйымдастырылды.

Ондағы мақсат – тұлғаның коммуникативтік және физикалық қабілеттерін жан-жанты дамыту және тіл үйренуге деген ынтасын арттыру. Сондықтан да спорттық-лингвистикалық бағытқа ие іс-шара барысында студенттер мен оқушылар спорттық дағдыларын паш етумен қатар, үш тілді, яғни қазақ – орыс – ағылшын тілдерін қаншалықты деңгейде меңгергендіктерін көрсете алды.

– Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру – кемел келешекке бастайтын алтын сұрлеу десе де болады.

Елімізде дене шынықтыру мен спортты дамытуға, жастардың көптілі менгеру алуларына жете көңіл бөлу қажеттігіне басымдық беріліп келеді. Бүгінде бұл бағытта жүйелі жұмыстары жүргізіліп, арнайы мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда. Біздің оқу орнында жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіліп отыр. Бұл тұрғыда осы іспеттес іс-шаралардың маңызды зор деп ойлаймыз, – дейді шет тілдер ПЦҚ басшысы Анастасия Базылевская.

Ойын бірнеше сайыстардан тұрды. Біріншісі – үй тапсырмасы, екіншісі – үш хатқалта, үшіншісі – сөз құрау, төртіншісі – мақал-мәтел, бесіншісі – капитандар сайысы.

Нәтижесінде 1 орынды А. Құнанбаев атындағы СЖГТК технологиялық бөлімінің «Т.Е.М.Р.» командасы қанжығаласа, 2 орынды №1 мектеп-лицейінің «Dream Team» командасы иеленді, ал 3 орын қазақ бөлімінің А. Құнанбаев атындағы СЖГТК «Birlik» командасына бұйырды.



■ ҰЛАҒАТ



ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

СУРЕТТІ ТҮСІРГЕН Камила ОСПАНОВА

БҮГІНДЕ АНАЛАР КЕҢЕСІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ, ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ, ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН, ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ САҚТАУҒА ӨЗІНДІК ҮЛЕСІН ҚОСЫП КЕЛЕДІ. ШЫНЫМЕН ДЕ, ҮЙ МЕН ТҮЗДІҢ ТІЗГІНІН ТЕҢ ҰСТАП, ҚАЗАНЫН ҚАЙНАТЫП, БАЛАСЫН ОЙНАТА ЖҮРІП, ЕҢБЕКТІҢ БЕЛ ОРТАСЫНАН ТАБЫЛАТЫН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ТЫНДЫРЫМДЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛЫП ОТЫР. ЖУЫРДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ АЛАР ОРНЫ ЖАЙЛЫ САРАН ҚАЛАЛЫҚ АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, «БЕРЕЗКА» БӨБЕКЖАЙЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АКИЖАНОВА РАЙХАН НҮРҒАЛИҚЫЗЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ АТЫНДАҒЫ САРАН ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ БІР ТОП ҚЫЗДАРЫМЕН ПІКІР АЛМАСЫП, ОЙ ТОЛҒАҒАН ЕДІ.



Студент қыздармен болған кездесу барысында Саран қалалық Аналар кеңесінің мүшесі Гүлзия Халилқызы әйелдердің отбасындағы рөлі жайында, ата-ананы қадірлеу, адамдар арасындағы сыйластық, отбасы құндылықтары мен қыз тәрбиесі хақында қаузады. Десекте, іс-шараның негізгі желісі – өскелең ұрпақты тәрбиелеудің психологиялық, педагогикалық және рухани, адамгершілік көріністері.

Еркін форматта өткен басқосуда жастар да тақырып аясында ой-пікірлерін ортаға салып, өздерін мазалаған сауалдарға жауап алды.

«Қазіргі қыз – ертеңгі ұлттың анасы.

Сондықтан бүгін болашақ аналардың алдында арнайы келіп, қыздарымызға ақыл-кеңесімзді айтып, ақжарқын көңілмен берекелі әңгіме-дүкен құрып отырмыз. Бүгінгі кездесу біздің де, құлақ қойып тыңдаған қыздардың да есінде қалатын ерекше шара болды деген үміттемін. Осындай игілікті іске мүмкіндік берген колледж басшылығына риясыз ризашылығымызды білдіремін», – деді кездесу шымалдығын түрген Аналар кеңесінің төрайымы, ардагер ұстаз Гүлжан Жүсіпбекова.

Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында

қоғамдағы отбасы құндылығын нығайту мақсатында Аналар кеңесі құрылған болатын. Сол Аналар кеңесін құру елдімізге тән, тарихи дәстүрімізбен тамырлас бастама болып табылды. Бүгінде біздің қоғамдағы аналарымыз елімізде болып жатқан барлық жағымды жаңалықтарға, қоғамдағы өміршен өзгерістерге, идеялық-саяси, әлеуметтік мәдени жұмыстарға, мемлекетіміздің бүкіл тыныс-тіршілігіне белсене атсалысып келе жатқан жайы бар.

Гүлжан Жүсіпбекқызы: «Әйелдің құдіреттілігі оның барлық саланы игере білуінде. Әйелсіз елтененің мәні де, сәні де келіспейді. Өзім талай жыл осы сіздер оқып отырған білім ордасының қасиетті қара шаңырағында ұстаздық қызметте болдым. Мен де сіздер сияқты бір кезде жас, жігерлі келіншек болған едім. Қазір әжелікке жетсем деп, қоғамдық жұмыстардан қол үзбей келемін. Біздің мықтылығымыз осында. Сіздерге де қажымас қайрат тілеймін», – дей келе сөз тізгінін Саран қалалық Аналар кеңесінің мүшесі Райхан Акижановаға ұстатты.

Ал өз кезегінде Райхан Нұрғалиқызы отбасындағы ананың рөлі жайында тілге тиек етіп, әңгіме ауанын осы тақырып төңірегінде тарқатты.

«Мен қазіргі жастарға, әсіресе қыз балаларға білімді болуға ұмтылындар дер едім. Оқыған қыздың, білімді адамның қашан да бәсі биік болады. Сонымен бірге ұлттық тәрбиені, халқымыздың салт-дәстүрін де ұмытпау қажет», – деді Аналар кеңесінің мүшесі Райхан Нұрғалиқызы. Өз өмірінен нақты мысалдар келтіріп, әңгімесін әзілмен әрлеп сөйлеген аналар кеңесі мүшесінің лебізі студент жастарға қатты ұнады.

Райхан ханымның айтуынша, қазіргі қоғамда жанұяның балаларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселелерінен алшақтау үрдістері сақталып келеді. Осы ретте ата-аналардың әлеуметке қарсы, адамгершілігі жоқ мінез-құлқы болашақ ана болатын қыздардың санасын бұлдіріп жатқан сияқты.

Жасөспірімдердің ерте есеуі, кәмелет

жасына толмағандар арасында қылмыстың өсуі, қыздардың дәстүрлі емес дінге кетуі атап өтілді.

«Дөңгелек үстелдің» қатысушылары отбасылық құндылықтардың мәртебесін, отбасы қалыптастыруда әке мен ананың, қыздарды өнегелі тәрбиелеуде әйелдерге арналған қоғамдық бірлестіктердің рөлін арттыру аса маңызды деген ортақ ой-пікірге келді.

«Отбасын берік қылуда әйел баласына маңызды орын берілуінің себебі: ол рухани құндылықтарды, қоғамның адамгершілік мұраттарын тәрбиелеуде, сақтау мен нығайтуда негізгі рөлге ие», – дейді Райхан Акижанова.

Бала тәрбиесіндегі ананың рөлі тақырыбында келелі ой, тұшымды пікір алмасқан екі буын өкілдері кездесу соңында естелік суретке түсті.

Ал Аналар кеңесінің төрайымы Гүлжан Жүсіпбекқызы: «Отбасы құндылығы, бала тәрбиесі бүгінгі қоғамда еш өзегін жойған емес. Өйткені, отбасы – еліміздің іргетасы. Сондықтан мемлекеттің өсуі мен тұрақтылығы отбасына байланысты. Шаңырақ берекелі болсын десек, бала тәрбиесіне ерекше көңіл аударып, рухани құндылықтарды сіңіре білуіміз керек. Сонда ғана біз бүтін, кемел ел болатынымыз анық. Бүгінгідей шараны ұйымдастырған, аналар кеңесіне алғысым шексіз», – деп іс-шараны қорытындылап, қозғалған тақырыптың нүктесін қойды.

Үй мен түздің тізгінін тең ұстап, қазанын қайнатып, баласын ойната жүріп, еңбектің бел ортасынан табылатын әйелдердің тындырымды іс-әрекеттері көпке үлгі болып отыр. Нәзік жандылардың еңбекқорлығы, қоғамдағы жаңашыл қадамдары, ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше екенін осыдан байқауға болады. Ұлағат мектебі болып отырған Аналар кеңесінің алда да атқарар істері ауқымды. Елбасы саясатын жүзеге асыруға, ондағы айтылған тапсырманы тындырымыз атқаруға, мемлекет тағдырына тың серпін беруде осындай ұйымдардың қоғам өміріне қосар үлесі зор.

■ ӨНЕГЕ



КЕЛІНДЕР САЙЫСЫ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

ҚАЗАҚ ӘУЕЛДЕН «КЕЛІНІ ЖАҚСЫНЫҢ КЕРЕГЕСІ АЛТЫН» ДЕП БОСАҒАДАН АТТАҒАН ЖАС ЖАННЫҚ ТӘРБИЕСІ МЕН КӨРГЕН-ТҮЙГЕНІНЕ МӘН БЕРГЕН. ҒАСЫРЛАРДАН КЕЛЕ ЖАТҚАН ОСЫ ҮРДІС БҮГІНДЕ ӨЗ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ЖОЙҒАН ЖОҚ.



Өткен аптадағы сенбіде Ақтас кентінің мәдени сауық орталығында «Пай-пай қазақтың келіндері –ай» атты келіндер сайысы өтті.

Шараның басты мақсаты қазіргі жас келіндер арасына ежелден ұмыт болған ата-дәстүр салтымызды қайта жаңғыртып, қазақ келініне тән әдемілік, әдептілік, ізеттілік және ісмерлік пен тапқырлықты дәріптеу болды.

Байқау шымалдығын Ақтас кентіндегі Аналар кеңесінің төрайымы Кулықаева Гүлнұр Хасанқызы ашып, келіндерге сәттілік тіледі.

Қай кезде де қазақтың келіндері өздерінің ибалылығымен, инабаттылығымен үлкенге де, кішіге де үлгі бола білген. Алдымен

өздерін таныстырған қатысушылар, кейін өнерлерін ортаға салды. Онда бірі ән айтса, келесі ісмерлік пен қолөнер шеберліктері бойынша бақтарын сынады. Салт-дәстүрге байланысты сұрақтарға да жауап беріп, театр әртістерінің дайындаған жағдаяттарынан тапқырлық танытып шыға білді.

Қазылар алқасының мүшесі, Саран қаласының құрметті тұрғыны, «Ақ шаңырақ» этномәдени бірлестігінің мүшесі Сейітқазина Рымтай Отарқызы сайыс барысында үміткерлер тарапынан кеткен кемшіліктерді жасырмай ортаға салып, олардың өзгелерді тәнті еткен жақсы жақтарын да атап өтті.

Иә, қазақ халқында «Жақсы қыз



болу – бақыт, жақсы ұл болу – одан да үлкен бақыт, ал жақсы келін болу – нағыз бақыт» деген мақал бар. Сайыс өткен күні Ақтас кентіндегі мәдени-сауық орталығының залы кішігірім ауылға айналып, жас келіндер жарыстың көркін қыздырды.

Айта кетейік, бұрымдылар арасындағы мұндай сайыс өңірде бірінші рет өткізіліп отыр. Сайысты ұйымдастырушылардың бірі, «Ақ шаңырақ» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Светлана Сұпьянова ханым қатысушыларға қойылған талаптар өте жоғары болғанын, десе де жас келіндердің өздерін жақсы қырларынан таныта алғандарын жеткізді.

«Келіндер сайысы өте жоғары деңгейде өтті. Ақтас кентінің ибалы да инабатты келіндері сайысқа қатысуға ниет білдіріп, өздеріңіз байқағандай ерекше дайындалып келгендерін паш етті. Бұл шара отбасылық құндылықтарды дәріптеп, қоғамдағы аналардың мәртебесінің артуына сеп болады деп ойлаймын», – дейді

«Ақ шаңырақ» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Светлана Жолдыбайқызы.

Сымбатына сәні келіскен келіндер сахна мәдениетін сақтап, шынайы қазақы сұлулықты танытатын бірден-бір нышан қазіргі заманға лайықталған ұлттық киімдерден сән үлгісін көрсетті.

Осылайша, қазақ келінінің ақылы мен парасаты сынға түскен байқау да өз мәресіне жетті. Қазылар алқасы үшін «мыннан тұлпар, жүзден жүйріктерді» анықтаудың қиын болғаны рас. Соның нәтижесінде «Инабатты келін» номинациясы бойынша Апакова Рима Айдарханқызы, «Сымбатты

келін» номинациясында Бексеитова Гүлсім Жалғасқызы, «Көрермен көзайымы» номинациясында Мирзахметова Гауһар Әмірбекқызы, «Өнерлі келін» номинациясы бойынша Ахметова Дария Біржанқызы жеңімпаз атанды.

Байқауға қатысушылардың барлығы алғыс хаттармен, жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ал «Ақ шаңырақ» этномәдени бірлестігінің жетекшісі Светлана Жолдыбайқызы осы сайысқа демеушілік жасаған Кулықаева Гүлнұр Хасанқызына алғыс айтып, ризашылығын білдірді.



МЕРОПРИЯТИЯ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ БЕШЕНСТВА

ГУ «Саранская городская территориальная инспекция» КВКН МСХ РК

Бешенство - острая инфекционная болезнь, проявляющаяся симптомокомплексом, свойственным энцефаломелитам и полиневритам. К болезни восприимчивы млекопитающие животные всех видов, птицы и человек. Как правило, бешенство передаётся со слюной при укусах больными животными. В целях предупреждения заболевания животных бешенством физические и юридические лица (владельцы животных) независимо от форм собственности, осуществляют следующие мероприятия:

- 1) соблюдают правила содержания животных, правила содержания и выгула собак и кошек;
 - 2) доставляют принадлежащих им собак и кошек по представлению государственного ветеринарного врача района (города), в ветеринарные лечебно-профилактические организации для клинического осмотра и предохранительных прививок антирабической вакциной;
 - 3) ограничивают допуск собак, не привитых против бешенства, в личные подворья, на фермы, в стада, отары и табуны;
 - 4) принимают меры к недопущению диких животных к стадам, отарам, гуртам, хозяйствующим субъектам и другим группировкам животных;
 - 5) в случаях покуса сельскохозяйственных и домашних животных дикими хищниками, собаками или кошками, приняты необходимых мер к изоляции подозрительных на заболевание или покусанных животных;
 - 6) обеспечивают своевременную вакцинацию против бешенства и диагностику своих животных.
- Покусавшие людей или животных собаки, кошки и другие животные (за исключением животных с явными признаками бешенства) подлежат немедленной доставке владельцем или специальной бригадой по отлову безнадзорных собак и кошек в ближайшую ветеринарную лечебную организацию для изоляции и наблюдения специалистами в области ветеринарии в течение 10 календарных дней.
- По разрешению ветеринарной лечебной организации, животное, покусавшее людей или животных, оставляют у владельца, выдавшего

письменное обязательство содержать это животное в изолированном помещении в течение 10 календарных дней и представлять его для осмотра ветеринарному врачу.

Результаты наблюдения за изолированными животными регистрируются ветеринарным врачом, обслуживающим данную территорию, в специальном журнале и информация о результатах наблюдения сообщается не позднее 2 календарных дней после окончания наблюдения в письменном виде в организацию, где прививают пострадавшего человека и в подразделение МИО по месту жительства пострадавшего.

По окончании срока изолирования клинически здоровые животные после предварительной вакцинации возвращаются владельцам – при условии их изолированного содержания в течение 30 календарных дней. Животных, заболевших бешенством, уничтожают.

При установлении факта заболевания собак и кошек бешенством, не препятствовать изъятию и уничтожению животного подразделением ветеринарии местного исполнительного органа. Если произошёл покус собакой или кошкой жителя необходимо сообщить в санитарно-эпидемиологическую службу или ветеринарную станцию.

На административной территории города Сарани профилактическую прививку против бешенства проводит Филиал КГП на ПХВ «Карагандинская городская ветеринарная станция» Управления ветеринарии Карагандинской области в городе Сарани, которая расположена по адресу Сарань ул. Жамбыла, 85А, контактный телефон: 5-82-51.



Телефонные мошенники изобрели очередной метод обмана простых граждан. Теперь злоумышленники по телефону представляются правоохранителями и предлагают «дать финансовую защиту», но для этого просят сохранить конфиденциальность, никому не сообщать о беседе с сотрудниками полиции. Объясняем, могут ли так действительно позвонить из полиции и как не попасться на самые популярные уловки.

Житель города Сарани гражданин С. столкнулся с ситуацией, связанной со звонками злоумышленников. По его словам, ему позвонил незнакомый мужчина и представился «сотрудником полиции», даже назвал имя, звание и должность. Причиной своего звонка он назвал оперативно-следственные действия по факту незаконного изъятия финансовых средств со счетов граждан. «Лжесотрудник» очень достоверно описал ситуацию, что со счета гражданина С., кто-то пытался снять деньги и по генеральной доверенности, оформленной на него, взять кредит в банке. Когда гражданин С. снял деньги и закрыл счет

в банке, ему стали звонить сначала якобы сотрудники банка, а потом и новоявленный «сотрудник полиции», который пригрозил уголовным наказанием за то, что гражданин С. снял деньги, не уведомив полицию, и что деньги нельзя снимать пока идут следственные мероприятия. Гражданин С., поддавшись давлению, вернул деньги в банк на счет, указанный «сотрудниками банка». В дальнейшем оказалось, что денег на этом счету нет, гражданин С. лишился всех своих сбережений.

Сотрудники полиции г. Сарани объясняют гражданам, что в действительности сотрудники полиции в такой ситуации звонить не станут, а закона, о «финансовой защите» от подобных махинаций просто нет. К тому же сотрудники полиции не выясняют детали о банковских счетах и мошеннических действиях по телефону — для этого существует установленная процедура. Так что, такие вопросы должны сразу насторожить.

Сотрудники полиции по телефону могут выяснять, являетесь ли вы тем, кому они звонят, — уточнять фамилию, имя и отчество и приглашать на допрос или какие-то следственные действия. По телефону они ничего про банковские счета выяснять не будут и даже не имеют на это право. Более того, все сведения о наличии счетов, правоохранители при необходимости, официально получают непосредственно в банках.

Кроме того, сотрудники полиции уведомляют, что сейчас существует много специальных программ, которые помогут определить мошеннические звонки. Если у вас есть такая программа, во время звонка с сомнительного номера на экране появится соответствующее предупреждение.

Уважаемые жители города Сарани, призываем вас быть особо бдительными, мошенники не дремлют!

**Отдел полиции
г. Сарани**

ТОО «Ломбард Оптимальный» проводит торги залогового имущества. Торги проводятся 30 сентября 2022 года, адрес: г. Сарань, уч. Квартал 003, уч. 36.

РОДИТЕЛЬСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

Как предотвратить жестокое обращение с ребенком

Типы жестокого обращения с детьми

- Физическое насилие** — нанесение ребенку физических травм, различных телесных повреждений, которые причиняют ущерб здоровью ребенка, нарушают его развитие и лишают жизни. Это избивания, истязания, пощечины.
- Эмоциональное оскорбление** — высказывания или действия, которые заставляют ребенка думать, что он нежеланный и никчемный. Взрослые могут кричать, угрожать, игнорировать ребенка.
- Сексуальное насилие** — любым сексуальным контактом между взрослым и ребенком или старшим ребенком и младшим, а также демонстрация ребенку порноснимков.
- Пренебрежение ребенком** — оставление ребенка без присмотра, отсутствие должного обеспечения основных потребностей ребенка в пище, одежде, жилье, воспитании, образовании, медпомощи.

Особенности психического состояния и поведения ребенка, позволяющие заподозрить жестокое обращение

- Возраст 1,5 – 3 года**
 - боязнь взрослых
 - плаксивость
 - реакция испуга на плач других детей
 - крайности в поведении — от чрезмерной агрессивности до безучастности
- Возраст 3 года – 6 лет**
 - беспокойство, нарушения сна
 - болезненное отношение к замечаниям
 - чрезмерная уступчивость
 - псевдовзрослое поведение (внешне копирует поведение взрослых)
 - воровство
 - жестокость по отношению к животным
- Младший школьный возраст**
 - стремление скрыть причину травм
 - одиночество, отсутствие друзей
 - боязнь идти домой после школы
 - утомленный вид
 - отставание в физическом развитии
- Подростковый возраст**
 - побеги из дома
 - суицидальные попытки
 - употребление алкоголя, наркотиков
 - разговоры о желании бросить школу
 - частая вялотекущая заболеваемость

Как предотвратить жестокое обращение с ребенком (советы для родителей)

Внимательно его слушайте, дайте понять, что с вами можно обсуждать любые проблемы, и познакомьтесь с друзьями ребенка и их семьями.

Проверяйте всех взрослых, окружающих ребенка: няnek, воспитателей; убедитесь в их профессионализме и квалификации.

Объясните ребенку разницу между допустимыми и недопустимыми видами прикосновений.



Как поступить в случае подозрений на жестокое обращение с ребенком (советы для специалистов)

- Поговорить с родителями и сообщить директору школы/детского сада.
- Обратиться в Комиссию по делам несовершеннолетних и защите их прав.
- Обратиться в отделы опеки и попечительства.



**Саран
газеті**

И. о. директора
ТОО «Саран
тынысы»,
главный редактор
Б.Е. МАЙПАСОВА

Отв. секретарь
Ш.Ш. КОШЕГУЛОВ

Газета зарегистрирована
в Министерстве
информации и
коммуникаций
Республики Казахстан.
Свидетельство 16307-Г
от 18.01.2017 г.
(номер и дата первой
постановки на учет
№ 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник:
ТОО «Саран
тынысы»

Учредитель:
аппарат акима
г. Сарани

Адрес
редакции:
101200
г. Сарань,
ул. Жамбыла, 69/1

Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит
два раза в
неделю,
форматом А-3
Тираж 1204

Газета
набрана
и сверстана
в редакции

Распространяется
по подписке и в розницу
в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО
«Типография «Арк»
100009
г. Караганда,
ул. Сатпаева, 15

Печать офсетная.
Заказ № 77

Опубликованные матери-
алы не всегда отражают
точку зрения редакции.
Ответственность за
достоверность сведений,
содержащихся в публика-
циях и рекламном тексте,
несут авторы публикаций
и рекламодатели.